

Тарбағатай ауданының Маңырақ ауылдық округінің Маңырақ ауылына карантин режимін енгізе отырып карантин аймағына ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 маусымдағы N 233 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 02 шілдеде N 2983 болып тіркелді. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 23 шілдедегі N 299 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 23.07.2013 N 299 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағы 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2013 жылғы 6 маусымдағы N 228 ұсынысы негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тарбағатай ауданының Маңырақ ауылдық округінің Маңырақ ауылында ірі кара малдары арасында аусыл ауруының пайда болуына байланысты карантин режимін енгізе отырып карантин аймағына ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы, сонымен қатар «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Тарбағатай ауданы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы карантин талаптары орындалуының іс-шараларын ұйымдастырсын.

3. «Тарбағатай ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы қолданыстағы заңнамаға сәйкес ветеринарлық іс-шараларды өткізуге көмек көрсетсін.

4. Маңырақ ауылдық округінің әкімі А.Қожахметовке шектеу белгіленген

аумақтан немесе аумаққа ауыл шаруашылығы жануарларын әкелу және осы аймақтан алып кету, ауыл шаруашылығы жануарлары шикізаттарын, өнімдерін дайындау және өткізу, еңбекті ұйымдастыру Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамаларда белгіленген ережелерін сақтай отырып жүргізу тапсырылсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің
міндетін атқарушы С. Жақаев
КЕЛІСІЛДІ:

«Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы Министрлігі
ветеринариялық бақылау және қадағалау
комитеті Тарбағатай аудандық
аумақтық инспекциясы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы Б. Қажыкенов
«10» маусым 2013 жыл

«Тарбағатай ауданының ішкі
істер бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің бастығы Е. Байжұманов
«10» маусым 2013 жыл

«Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау Министрлігінің мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан
облысы бойынша департаментінің
Тарбағатай ауданы бойынша басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы М. Сүлейменова
«10» маусым 2013 жыл